«ForteBank» АҚ Басқармасының
2023 жылғы 21 ақпандағы
№ 01/2023-12 шешімінің
№1 қосымшасы

# «ForteBank» АҚ жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

| № р/н | Міндеттердің, оның ішінде функциялардың, өкілеттіктердің атауы | Жүзеге асырылатын міндеттер шеңберінде деректер жинау және оларды өңдеудің мақсаттары | Белгілі бір мақсат үшін дербес деректердің атауы | Меншік иесі және (немесе) оператор жүзеге асыратын міндеттерге тікелей нұсқаулары бар құжаттарға немесе нормативтік құқықтық актілерге сілтеме |
|---|---|---|---|---|
| 1. | 1. Банк Жарғысына және банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыру үшін Банкке берілген лицензияға сәйкес, банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыру, қызметтер көрсету.<br>2. Банк көрсететін қызметтер, банктің жаңа өнімдер мен қызметтерді әзірлеуі туралы Дербес деректер субъектісіне ақпарат беру.<br>3. Дербес деректер субъектісімен кез келген шарттар жасасу және оларды одан әрі орындау. | Банк, заңнаманың талаптарына және / немесе осындай адамдармен жасалған келісімдерге сәйкес аталған адамдардың міндеттері немесе құқықтары болған кезде, немесе мұндай міндеттер мен құқықтар өзге негіздер бойынша туындаған кезде, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдарға; мемлекеттік заңды тұлғаларды, Ұлттық басқарушы холдингтерді, ұлттық компанияларды қоса алғанда, заңды тұлғаларға; кредиттік бюроға; зейнетақы | **Сәйкестендіру деректері**<br>Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).<br><br>Азаматтық туралы мәліметтер<br><br>Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН).<br><br>Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері:<br>құжаттың атауы;<br>құжат нөмірі;<br>құжаттың берілген күні;<br>құжаттың қолданылу мерзімі;<br>құжатты берген орган.<br><br>Туу туралы мәліметтер:<br>туған күні; туған жері.<br><br>Жынысы. | ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі.<br><br>«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚР Кодексі (Салық кодексі)<br><br>ҚР 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V «ҚР Кәсіпкерлік Кодексі» кодексі<br><br>«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 ҚР Заңы<br><br>«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI ҚР Заңы<br><br>«ҚР кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» 2004 жылғы 6 шілдедегі № 573-II ҚР Заңы |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 4. Банктің зерттеулер, акциялар, сауалнамалар жүргізуі.<br>5. Кадр жұмысын жүргізу және банк қызметкерлерінің есебін ұйымдастыру, Кандидаттарды тарту және іріктеу.<br>6. Басқарушылық, қаржылық және статистикалық есептілікті, оның ішінде үшінші тұлғаларға ұсыну үшін қалыптастыру.<br>7. Банктің әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру.<br>8. Алаяқтық, шоттан ақша ұрлау, өзге де құқыққа қайшы әрекеттер жасау жағдайларын анықтау, болашақта осындай құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және осындай әрекеттердің салдарын оқшаулау.<br>9. Банкте, оның ішінде электрондық нысанда құжат айналымын жүзеге асыру. | қорына; мемлекеттік деректер базасының операторларына/иелеріне; курьерлік компанияларға; ұялы байланыс операторларына; банкке цифрлық және ақпараттық технологиялар қызметі саласында ақпараттық-технологиялық сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсететін немесе Банкпен өзге де мәмілелері бар адамдарға; шетелдік корреспондент-банктерге; FATCA талаптарына сәйкес АҚШ Салық қызметіне (Internal Revenue Service) келесі мақсаттар үшін дербес деректерді жинау және өңдеу, сондай-ақ оларды үшінші/үшінші тұлғалардан алуды/тарату қызметтерін жүзеге асырады:<br>1) банктің негізгі қызметті жүзеге асыру, банктік және төлем қызметтерін ұсыну. | Мекенжайы және байланыс деректері<br>Тұрғылықты/тіркелген жерінің мекенжайы, тұрғылықты жері бойынша немесе уақытша тұратын (тұратын) жері бойынша тіркелген күні.<br><br>**Байланыс телефондарының нөмірлері.**<br><br>Отбасы, туыстық байланыстар<br>Отбасылық жағдайы туралы мәліметтер: некедегі жағдайы; неке қию туралы куәліктің деректері, некені бұзу туралы куәліктің деректері;<br>жұбайының, отбасының басқа мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты және туған күні;<br>жұбайының, отбасының басқа мүшелерінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;<br>туыстық дәрежесі<br>балалардың (оның ішінде асырап алынған балалардың) болуы және олардың жасы;<br>балалардың туу туралы куәліктері.<br><br>**Қаржылық деректер, сондай-ақ білім және еңбек қызметі туралы деректер**<br>Субъектінің кірістері (жалақы, өзге де төлемдер). | «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚР Заңы<br><br>«Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы № 191-IV ҚР Заңы<br><br>«Төлем карточкаларының банкаралық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 217 қаулысы<br><br>Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысы<br><br>«Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысы<br><br>«Банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың электрондық банктік қызметтерді көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 10. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл.<br>11. Корпоративтік басқару. | 2) Банктің жұмыс істеуі, оның ішінде оны материалдық және техникалық қамтамасыз ету.<br>3) банктің мемлекеттік қызметтерді алуы.<br>4) банктің өз қолданысын тарататын/банк қызметін реттейтін заңнама талаптарын орындауы.<br>5) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс – қимыл туралы заңнаманың талаптарын банктің орындауы, сондай-ақ Шетелдік шоттар бойынша салық есептілігі туралы заңның (Foreign Account Tax compliance Act-FATCA) талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ салық қызметіне ұсыну.<br>6) Банктің қызметін заңды негіздерде жүзеге | Субъектінің заңды тұлғалардың капиталына қатысуы туралы ақпарат - қатысу үлесі (акциялар).<br><br>Субъектінің білімі, еңбек қызметі туралы мәліметтер.<br><br>**Әлеуметтік-әкімшілік ақпарат**<br>Әлеуметтік жеңілдіктер және әлеуметтік мәртебе туралы мәліметтер (жеңілдіктер мен мәртебе беру үшін негіз болып табылатын құжатты берген органның сериясы, нөмірі, Берілген күні, атауы).<br><br>Зейнетақы қорынан алынған деректер және дербес шотқа түсімдер.<br><br>Субъектінің кредиттік тарихы туралы мәліметтер.<br><br>Әкімшілік құқық бұзушылық туралы деректер (бұзушылықтың нөмірі, күні, бабы, айыппұл сомасы).<br><br>Соттылықтың болуы (болмауы).<br><br>Заңнамада көзделген қамауға алудың және өзге де шектеулердің, ауыртпалықтардың болуы туралы мәліметтер. | Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысы<br><br>«Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ ҚР аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысы<br><br>«Банкаралық ақша аударымдары жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 201 қаулысы.<br><br>«Автоматтандырылған банктік ақпараттық жүйеге орталықтандырылған қолжетімділігі бар банктердің меншікті өз үй-жайларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 29 қаулысы<br><br>«Борышкер-тұлғаның өзі туралы және борышкер-тұлғаның өтініші бойынша банк шығарған кепілдіктер немесе кепілгерліктер туралы мәліметтерді кредиттік бюроға беруіне келісу нысанын және Банк кепілдігі мен кепілгерлігі туралы кредиттік есепті ұсыну |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | асыру, Банктің міндеттемелерін орындау және т.б. үшін талап етілетін, көрсетілген міндеттерге сәйкес келетін өзге де мақсаттар. | Салық берешегінің болуы.<br><br>Салық резиденциясының болуы.<br><br>**Субъектінің сандық деректері, физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері Қолы (өз қолымен және электрондық-цифрлық).**<br><br>Биометриялық мәліметтер:<br>фото – видео құрылғылардың көмегімен алынған адамның бет бейнесінің деректері;<br>дыбыс жазу құрылғылары арқылы алынған адам дауысының деректері<br><br>Басқа құжаттар<br>Қайтыс болу туралы куәліктің деректері (күні, аты-жөні).<br><br>Мұрагерлік құқығы туралы осы куәліктер.<br><br>Сенімхат деректері.<br><br>Жүргізуші куәлігінің деректері.<br><br>Әскери міндеттілер мен әскери қызметке шақырылуға жататын адамдарды әскери есепке алу туралы мәліметтер.<br><br>Субъект ұсынатын, сондай-ақ субъектінің келісімімен Банк өзге | қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 310 қаулысы<br><br>«Екінші деңгейдегі банктердің банктік кепілдіктер мен кепілгерліктер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 21 қаулысы<br><br>«Екінші деңгейдегі банктерде, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарында, Ұлттық почта операторында және банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау айрықша қызметі болып табылатын заңды тұлғаларда кассалық операцияларды және банкноттарды, монеталарды және мен құндылықтарды инкассациялау жөніндегі операцияларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 карашадағы № 231 қаулысы<br><br>Бағалы қағаздар нарығында банктік және өзге де операцияларды және қызметті жүргізуге арналған 03.02.2020 жылғы №1.2.29/197/36 лицензия<br><br>Өзінің қолданысын тарататын/банк қызметін реттейтін, сондай-ақ көрсетілген дербес деректердің қалыптасуын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | көздерден жинайтын, Банк қызметін заңды негіздерде жүзеге асыру, Банк міндеттемелерін орындау үшін талап етілетін мақсаттарда Банкке негізді түрде қажет өзге де Дербес деректер. | реттейтін өзге де халықаралық шарттар, нормативтік құқықтық актілер. |
| 2. | Қысқартулар | Таратылып жазылуы | | |
| | Банк | «ForteBank» АҚ | | |
| | Кандидат | Банктегі бос лауазымға үміткер кандидат | | |
| | Субъект | Дербес деректер субъектісі - дербес деректер жататын жеке тұлға | | |
| | РК | Қазақстан Республикасы | | |